

**«Жосалы орта мектеп – балабақшасы» КММ бойынша қамқоршылық кеңес
отырысының хаттамасынан көшірме**

Жосалы ауылы

25.02.2022ж

Қатысқандар : мектептің өзін өзі
бағалау комиссиясының мүшелері,
Қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Білім беру ұйымының өзін- өзі бағалауының қорытындысы

Тыңдалды:

Жосалы орта мектеп – балабақшасының директоры Е.С.Елеуов:

2021-2022 оқу жылының ақпан айында ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 634 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестациялауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулығын басшылыққа алып өзін –өзі бағалауды өткізген болатын.

Мектептің өзін – өзі бағалау комиссиясы кезектен тыс өткізілген педагогикалық кеңестің отырысының шешімімен төмендегі құрамында сайланды:

Мектеп директоры – Е.С.Елеуов- комиссия төрағасы.

Оқу ісі жөніндегі орынбасары – И.Д.Рахметова- комиссия мүшесі

Оқу ісі жөніндегі орынбасары – Ж.М. Мурзабулатова- комиссия мүшесі

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – А.К.Тулепбергенова - комиссия мүшесі

Әдіскер-Сейілхан Г.Н.

Балабақша әдіскері- Г.Ж. Ахметова

Шаруашылық ісі орынбасары-Мысаев И.Ж.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылға 2 ақпанындағы №124 өлшемшартта көрсетілген мектепке дейінгі тәрбие жұмысына арналған өлшемшарт, қосымшалар,бастауыш, негізгі орта және , жалпы орта білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының қосымшалары (1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14,15,16,17) негізінде жұмыстар жүргізілді. Ағымдағы оқу жылының осы бақылау басталғанға дейінгі бір ай бағаланатын кезеңді қамтыды.

Комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес мектеп туралы жалпы мәліметтір құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттар, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы, лицензияны тексерді. Бағалау өлшемшарттарына қосымшаларда келтірілген сандық және спалық көрсеткіштер толтырылып есеп жасалды. Өзін-өзі бағалау қорытындысының анықтамасымен комиссия мүшесі И. Рахметова таныстырып шықты.

Қамқоршылық кеңес төрағасы

И.И.Кудря

Хатшы

А.К. Турмухамбетова